



# Ембі ТЫНЫСЫ

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА  
**125**  
1899 - 2024  
ЖЫЛ

№12 (129)  
ҚАРАША  
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз



## Құрметті әріптестер!

*Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

Бұл мереке еліміздің еркіндігі мен болашағына деген сенімімізді нығайтып, әрбір азаматтың атқарып жатқан еңбегінің құндылығын көрсетеді.

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы үшін Тәуелсіздік күнінің маңызы ерекше. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіздің арқасында еліміздің мұнай саласы тұрақты дамып, жаңа жетістіктерге жетуде. Әрқайсыңыздың еңбегіңіз компаниямыздың дамуына үлкен үлес қосып, Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жолында маңызды қадам болуда.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, кәсіби табыс пен мол жетістіктер тілейміз! Ембі өндірісінде жүрген әрбір еңбек адамының еліміздің өркендеуіне қосқан үлестері әрдайым бағаланып, құрметтеледі. Бірлігіміз бен күш-жігеріміздің арқасында жаңа биіктерге жетейік!

Ізгі тілекпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

**16**

**ЖЕЛТОҚСАН**  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ



### МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНА АРНАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ АЛАҢ...



→ **3**

### FAKE АҚПАРАТТАРДАН САҚТАНА БІЛЕЙІК



→ **4**

### ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ БАСТАУЫНДА ТҰРҒАН БҰРҚАҚ



→ **7**



## ЭКОНОМИКА

## БІРЛЕСКЕН БАСТАМА



ҚМГ мен Татнефть Атырау облысында Қаратон Подсолевой учаскесінде тереңдігі 5500 метр алғашқы іздеу ұңғымасын бұрғылауға кірісті. Бұрғылау жұмыстарын бастау рәсіміне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов және «Татнефть» ЖАҚ бас директоры Наиль Маганов, сондай-ақ ҚМГ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев қатысты.




– Қаратон Подсолевой учаскесінде алғашқы іздеу ұңғымасын бұрғылауды бастау – Қазақстанның ресурстық базасын нығайтуға жасалған маңызды қадам. Бұл жоба біздің қор көлемін ұлғайту және жер қойнауының күрделі учаскелерін игеруге бағытталған стратегиялық міндеттерімізге сай келеді. Татнефть компаниясымен бірлескен күш-жігеріміз нәтижелі болып, еліміздің мұнай-газ саласындағы әлеуетін арттыруға үлес қосатынына сенімдіміз, – деп атап өтті А.Хасенов.

– Біз қазақстандық әріптестермен түрлі бағытта өзара байланыс орнаттық. Бүгінгі іс-шара – сол серіктестігіміздің табысты жалғасының жарқын көрінісі. Қаратон Подсолевой учаскесінің әлеуеті зор, бұл Қазақстан Үкіметінің қолдауының арқасында жаңа табысты ортақ жобалардың

негізіне айнала алады, – деп атап өтті «Татнефть» ЖАҚ бас директоры Наиль Маганов.

«Қаратон Подсолевой» жобасы еліміздегі күрделі кен орындарының инвестициялық тартымдылығын едәуір арттырған Жақсартылған модельдік келісімшарт шеңберінде іске асырылуда. Бұл механизм жер қойнауының күрделі учаскелерін барлау және игеру үшін жағдай жасай отырып, маңызды реттеуші және фискалды преференцияларды ұсынады. Жер қойнауында терең орналасқан көмірсутектерді іздеу техникалық тұрғыдан үлкен қиындықтармен қатар жүреді, оған берілген тереңдік, ықтимал жоғары қабат қысымы, күкіртті сутектің болуы және қалың тұз шөгінділерін жатқызуға болады. Қаратон Подсолевой учаскесі Теңіз ірі кен орны мен «Ембімұнайгаз» компаниясының кен орындарына жақын орналасқан.

## ҚМГ-ның ҚР ЭКОНОМИКАСЫНА ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ ТУРАЛЫ



Топ-менеджеры АО «Эмба-мұнайгаз» прошли обучение по вопросам создания и укрепления корпоративной культуры. В мероприятии приняли участие генеральный директор, его заместители и директора департаментов ЭМГ. Руководители формируют модель и задают тон всей корпоративной культуре организации, это придает особую ценность полученным на семинаре знаниям и навыкам.

## СТРАТЕГИЯ ПЕРЕМЕН: КОРПОРАТИВНАЯ КУЛЬТУРА – ПЛАТФОРМА СТАБИЛЬНОСТИ

«Культура есть стратегия на завтрак», – утверждают экономисты, публицисты и влиятельные теоретики менеджмента, характеризующая эпоху перемен, в которой человечество пребывает с конца XX века.

В мире, где все меняется, начиная от бытовых привычек до общечеловеческих предпочтений, компании и работодатели пытаются найти и сформировать области стабильности, которые позволяют конкретным людям и коллективам жить и работать в условиях устойчивости.

Ведущие тренинга сообщили, что за последние 30 лет, с 1988



по 2018 год, в мире произошло 469 кризисов: в экономике, социуме, геополитике, климате, потреблении, технологиях и других сферах. И сегодня человеческий лайнер все еще не вышел из зоны турбулентности.

Корпоративная культура – это способ сформировать в организациях такой микроклимат, в котором люди с удовольствием трудятся и живут в состоянии осмысленности, что помогает им качественно исполнять свои

трудовые обязанности, достигать высоких производственных и экономических показателей и уровня безопасности. С учетом этих факторов влияния и взаимосвязи для стратегической нефтедобывающей компании, какой является ЭМГ, устойчивая корпоративная культура чрезвычайно важна.

На семинаре лидеры АО «Эмба-мұнайгаз» узнали о ценности эффективных коммуникаций, способах формирования высоко-

кой корпоративной культуры организации, лидирующей роли руководителей и их личного примера, о мерах диагностики и трансформации корпоративной культуры, методиках оценки ее уровня развития и непрерывных корректирующих действиях.

Результаты обучения найдут отражение в мероприятиях внутри Эмба-мұнайгаза, направленных на объединение усилий и совместное развитие через скоординированную командную работу.



ЖАҢА ЖОБА

# МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНА АРНАЛҒАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ АЛАҢ АТЫРАУДА ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ПОЛИГОННЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі – С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті (АтМГУ) алдағы уақытта білім беру процесін арнайы жабдықталған полигонда өткізуді қолға алып отыр. Бұл қазақстандық жоғары білім беру ордаларының арасындағы жаңа қадам. Білім беру барысын тәжірибемен ұштастыру мақсатындағы индустриялық-инновациялық полигон құрылысы еліміз бойынша жоғары оқу орындарының арасында алғаш рет қолға алынып отыр. Осы орайда АтМГУ-да оқу-өндірістік полигонының алғашқы іргетасы қаланды. Мұнайлы өңірдегі мұнай-газ саласының болашақ мамандарын даярлау мақсатындағы игілікті шараға демеушілік көрсетіп отырған – «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ).



«Оқу-өндірістік полигоны – болашақ мұнайшылар үшін университет қабырғасынан алған білімдерін тәжірибе жүзінде ұштастыра білуге мүмкіндік беретін инновациялық алаң. Студенттер заманауи технологиялармен жұмыс істеуді де дәл осы орталықтан меңгеріп шығады деген сенімдеміз. Біздің мақсатымыз – мұнай-газ саласы үшін талантты мамандарды дайындайтын жергілікті университетке қолдау білдіру. Сол арқылы теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, білікті кадрлық құрамды дамытуға үлес қосу», – деп атап өтті салтанатты шарада ЕМГ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова.

Аталмыш полигонда жер қойнауын барлаудан бастап мұнай



өнімдерін өңдеуге дейінгі барлық өндірістік жұмыс атқарылады. Полигон базасында озық үлгідегі зертханалар, оқу-өндірістік алаңдар мен тәжірибелік қондырғылар, инновациялық шешімдерді тестілеу алаңдары да қарастырылған.

«Осы жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік берген АтМГУ Индустриялық комитеті мен «Ембімұнайгаз» АҚ-на шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Соңғы үш жарым жыл бойы біз аянбай еңбек етіп, оқу-өндірістік полигон құруды мақсат еттік. Бүгінде осы мақсаттың алғашқы кезеңіне куә болып отырмыз. Бұл уақыт қапсуласы – біздің келешекке қалдырған аманатымыз, студенттердің болашақ буыны үшін жаңашылдыққа ұмтылуымыздың символы», – деп деі өз пікірін білдірген С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті Басқарма төрағасы-ректоры Гүлзада Шакуликова.

Айта кету керек, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің «алтын серіктесі» атанған «Ембімұнайгаз» АҚ мұнайлы өңірдегі әлеуметтік жобаларға әрдайым үлес қосып келеді. Соның бір белгісі – атыраулық жастардың заманауи талаптарға сай білім алуына қолдау жасау. С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің базасында ірге тасы қаланған оқу-өндірістік полигонының құрылысы осының дәлелі.

КЕЗДЕСУ

## ОТАНДЫҚ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ОМБУДСМЕНДЕРІ ЕМБІДЕ БАС ҚОСТЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ-на (ЕМГ) бір топ қазақстандық компаниялардың омбудсмендері танысу іс-сапарымен келді. Нақтыласақ, «Самұрық-Қазына» ӨАҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, KEGOC, «Samruk Kazyna Construction» кәсіпорындарының омбудсмендері Ембі өңіріне арнайы ат басын бұрды.

Отандық компаниялардың омбудсмендері «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас офисінде болып, Ембі өндірісінің әлеуметтік саладағы жаңалықтары туралы пікір алмасты. Ресми қонақтарды қарсы алған «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев «қош келдіңіздер» айта отырып, ғасырдан астам мол тарихы бар Ембі өңірі туралы қысқаша айтып өтті.

Ресми қонақтардың қызығушылық танытқаны – Ұжымдық шартқа сай ембіліктерге көрсетілетін әлеуметтік қолдаулар жөнінде болды. Бұл орайда, Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің



директоры Қуандық Калидуллин, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кәсіподақ комитетінің төрағасы Еркінбек Мырзашев, «Ембімұнайэнерго» басқармасы Кәсіподақ комитетінің төрағасы Данияр Аташев аталмыш құжаттың өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталды.

Қарапайым еңбек адамына әлеуметтік қолдау білдіре отырып, жұмыс беруші мен жұмысшының мүддесін қолдайтын аталмыш құжат ұжымның әлеуметтік жағдайын одан сайын жақсарту тусу бағытында қолданысқа енген. Бүгінгі таңда қолданыстағы 2022-2026 жылдарға арналған Ұжымдық шартта жұмысшыға ұсынылатын кепілдіктер мен өтемақылар, соның ішінде, мұнайшылар мен олардың отбасыларын емдеу және сауықтыру шығындарының көрсеткіші жыл сайын толығымен түсуде. Бұл жөнінде

сөз алған ембілік жауапты мамандар (жоғарыда аталған) компания басшылығы мен ұйым жетекшілері арасындағы бірлескен жұмысқа оң бағаларын да бере кетті.

Айта кету керек, бұған дейінгі 2014-2021 жылдар аралығындағы ЕМГ-нің Ұжымдық шарты әлеуметтік сақтандыру номинациясы бойынша үздік деп танылып, республикалық «Парыз» сыйлығын иеленген болатын.

ЕМГ бас кеңсесінде болған омбудсмендер «Өндірісті жедел басқару» орталығында болып, Компанияның кен алаңдарындағы жұмысты автоматты түрде бір орталықтан басқару жүйесімен, сонымен қатар, Интерактивті мұражайда болып, Қазақ мұнай-газ саласының бастауында тұрған «Ембімұнайгаз» АҚ-ның мол тарихымен танысты.

АКЦИЯ



## ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ АЛДЫН АЛУ – МАҚСАТЫМЫЗ

Жылыту маусымы – қауіпсіздік шаралары ерекше өзекті болатын уақыт. Өрт пен жанудың негізгі себептерінің бірі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау, сондай-ақ, электр жабдықтары мен тұрмыстық техниканы орнату және пайдалану кезіндегі қателіктер болып табылады. Сондықтан да, осы кезеңде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау әр объектіде, әсіресе, ықтимал тәуекелдер әлдеқайда жоғары өндірістік нысандарда басымдыққа ие болуы керек.

Өрт қауіпсіздігінің алдын алу, адамдардың өміріне зардап әкелетін апатты жағдайларды болдырмау мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі – ЕМГ) «Қауіпсіз жылыту кезеңі» акциясын өткізіп жатыр. Осы акция шеңберінде «Семсер Өрт Сөндіруші» ЖШС-мен бірлесіп ЕМГ мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері үшін өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелері, сондай-ақ жылыту маусымы кезеңінде төтенше жағдайлар туындаған жағдайда қабылданатын іс-шаралар туралы тұрақты нұсқамалар мен түсіндіру іс-шаралары жүргізілуде.

Осындай шаралардың арқасында біз тәуекелдерді азайтып, өрттің алдын алу және барлық қызметкерлер үшін жұмыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ете аламыз, – дейді акцияны ұйымдастырушылар.



Алматы қаласында IV Халықаралық түркітілдес елдердің арасында медиа форум өтті. Оған спикер ретінде Ұлыбритания, Түркия, Солтүстік Кипр, Орталық Азия елдерінен БАҚ басшылары, журналистер және PR саласының жауапты мамандары қатысты.

Форумға «Ембімұнайгаз»АҚ тарыпанан қатысып, бүгінгі ақпараттық технологиялар заманында әрбір адамның білуі керек кейбір мәселелермен жете таныстым. Жиында айтылған біраз мәселелер бүгінде біздің әрқайсымыздың алдымызда тұрған проблемалар деп ойлаймын. Себебі, бүгінде не көп - әлеуметтік желі, телефон арқылы тарайтын фейк ақпараттар көп. Арамызда оларға алданып қалып жатқандар да баршылық. Демек, форумда айтылған кейбір мәселелер медиа саласына ғана емес, корпоративтік секторға, соның ішінде, мұнай-газ саласына да қатысты.

ақпаратты дәлелдермен жоққа шығарады. Сонымен қатар елдегі болып жатқан оқиғаларға қатысты да ақпараттардың жалған не шын екенін анықтап, көлемді материалдар жарияланады.

Форумға қатысушылар алдында үлкен мәселе қойылды. Барлық мекемелерде медиасуаттылыққа жол ашатын шараларды қолға алу. «Фейк ақпараттардың қатты дамып кеткеніне Қазақстанда 20 жылдан астам уақыт болыпты. Осы кезеңде фейк материалдар санамызға мықтап сіңіп барады, біз тіпті

қоғамда әлсіз. Себебі, оған сеніп қалушылардың қатары азаймай отыр. Үлкен сайттар фейк таратпайды деп ойламаңыздар, олар да таратады. Оқырман жинау үшін, үлкен аудитория үшін осындай әрекеттерге әдейі барады. Бұл қазір қазақ қоғамындағы трендтердің біріне айналды.

Форумда көпшіліктің назарына ұсынылған тағы бір өзекті мәселе – **Жасанды интелектпен (ЖИ) жұмысты бастау. Жасанды интелект деген не?**

Соңғы ғасырдың соңғы жарты-

# FAKE

## АҚПАРАТТАРДАН САҚТАНА БІЛЕЙІК

Халықаралық Медиа форумда әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары алдында тұрған өзекті мәселелер қозғалды. Нақтыласақ, түркітілдес елдердің медиа құралдарының ынтымақтастығын орнату, ақпаратта жасанды интелекті дамыту және дезинформация, фейк ақпараттардан сақтану. Солардың ішінен ембілік мұнайшылар үшін маңыздысы – жалған ақпарат пен одан қорғану жолдары және жасанды интелект (искусственный интелект).

Сонымен, **дезинформация, фейк ақпараттардан сақтану үшін не істеуіміз керек?**

Шындыққа сай келмейтін, қоғамды жаңылыстыруды мақсат еткен **дезинформация, фейк ақпараттар** жаңалық емес. Бұрыннан бар. Тек, интернеттің өмірімізге кеңінен енуі оны жылдамдатып жіберді.

Соңғы дерек бойынша, айына 3 миллиардтан астам белсенді қолданушысы бар Facebook-тің өзінде жалған ақпараттар саны артып отыр. Бүгінде соны азайту үшін бірқатар шаралар дайындалуда. Мамандар бұл орайда тиімді жол – жазбаны дереу өшіру дейді. Өйтпеген жағдайда, фейк ақпараттар ұжымдағы тыныштыққа зиян келтіреді, басшы мен жұмысшының арасындағы сенімділікке салқындығын тигізеді т.б.

Дұрыс ақпарат пен жалған ақпаратты ажырата алмаған жағдайда адамдар арасында түсінбеушілік туындайды. Бұл халық пен билік арасындағы түсінбестікті одан сайын қиындата түседі. Оның соңы ереуіл, митингтерге ұласуы мүмкін.

Осындай нақты дәлелдерге сүйенген Еуропа елдерінен келген спикерлерфорумда **Әлем елдерінің фейк ақпаратпен жүргізіп жатқан күрес жолдарына тоқталды**. Жалпы әлемде фейк ақпараттармен күрес шаралары 2016 жылғы АҚШ-тағы сайлаудан кейін үдей түсті. Бұдан кейін барлық елдерде бұл бастамаға қолдау көрсетілді. Бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Нақты дәлелдер келтірсек.

Көрші Өзбекстанда жалған ақпарат таратқандарға қатысты Қылмыстық кодекске арнайы жаңа бап енгізілді. Жалған ақпарат таратқандарға 10 000 долларға дейін айыппұл салынады. Кей жағдайларда, 240 сағатқа дейін мәжбүрлі түрде қоғамдық жұмыстарға жегіледі немесе екі жылға дейінгі түзеу жұмыстары, екі жылдан үш жылға дейінгі бас бостандығын шектеу шаралары да қарастырылған.

Сингапурдың Үкіметі



қабылданған жаңа заңға сүйене отырып Facebook сияқты әлеуметтік медиа сайттарынан Сингапур билігі жалған деп санайтын жазбалар туралы пікірлерді алып тастауды талап етеді.

Германия 24 сағаттың ішінде зиянды контентті тез арада жою туралы заң қабылдаған.

Бұл мысалдар өзге елдердің дезинформацияға қаншалықты байыпты қарайтынын көрсетеді.

Ал, енді фейк ақпараттармен біздің елде қандай шаралар қолға алынуда.

Біздің елде де жұртшылық арасында медиасуаттылықты арттыру мақсатында біраз жобалар басталды. Соның бір-екеуіне тоқтала кетсек.

**Stopfake.kz** сайты оқырмандардың медиасуаттылығын арттыру бойынша 2021 жылдан бері белсенді жұмыс жүргізіп отыр. Сайт Қазақстанның ақпараттық алаңында таралған 900-ге жуық фейк ақпаратты жоққа шығарды (2021 -2022 жж). Stopfake.kz жобасы «Медиаға арналған Медиа» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Күн сайын сайттағы материалдарды Қазақстанның ірі басылымдары, сондай-ақ шетелдік ақпараттық ресурстар пайдаланады. Бұдан басқа елімізде жарияланған

ақпараттардың дұрыс не жалған екенін анықтайтын Factcheck.kz жобасы да жұмыс істейді. Онда ел алдында жүрген қоғамдық тұлғалардың, басшылардың мәлімдемелерін тексеріп, жалған

жалған мен шындықты ажырата алмай қалып жатырмыз. Бұл өте қауіпті құбылыс», - деді форумның ұйымдастырушылары.

Фейк ақпараттарға төтеп берерлік иммунитет біздің

сынан бері түрлі елдің ғалымдары адамның санасы сияқты әртүрлі функцияларды басқара алатын күрделі механизмді жасанды жолмен жасауға тырысып келеді. Алғашқы нәтижелері табылды, қолданыста. Оны ғылымда "жасанды интелект" дейді.

Біздің бүгінгі өмірімізге онлайн және оффлайн еңбек ету кеңінен еніп жатыр. Өміріміз жасанды интелектке тікелей байланысты. Болашақта оған сұраныс арта бермек. Тез дамып келе жатқан ЖИ пайдасымен қатар бізге қауіпті десек те болады. Пайдасы айтпаса да түсінікті. Жұмысты тез әрі сапалы орындауға ықпалы бар. Барлық салаға қатысты жұмысты автоматты түрде орындауға болады. Қауіптісіне үңілсек... Жұмыс орындарында адамды алмастыратын жүйе бұл. Қарапайым тілмен айтсақ, адамның жұмысын тез арада орындайтын автоматты жұмыс істейтін роботтар. Демек, ЖИ жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін. Сарапшылардың пікіріне назар аударсақ, әлемде автоматтандырудың әсерінен миллиондаған адамдар жұмыссыз қалуы ықтимал. Дегенмен де, ЖИ жаңа жұмыс орындарын ашатынын да ескеру керек. Яғни, ЖИ-ге қатысты пайдасы көп пе, әлде зиян жағы басымрақ деп ара-жігін ашып айту әзірге қиындау.

Бір нәрсе анық, заман тез дамып бара жатыр. Кеше алған жоғары біліміміз ескіріп қалуы әбден мүмкін. Қоғамдағы өзгерістерге барынша ілесуге тырысуымыз керек. Оның бір жолы – ЖИ-мен жұмысты дәл бүгін бастау. Ертең кеш болуы мүмкін. ЖИ-дің платформалары өте көп. Жасанды интелектің ең пайдалысы – ChatGPT. Жасанды интелекттің қалған түрлері – тәуелді.

### ТҮЙІН.

**Біз тез дамып жатқан қоғамда тіршілік кешіп жатырмыз. Ақпараттық технология заманында. Былай қарасақ, бәріміз бірдейміз. Алайда, бір адам екінші адамнан ерекшеленеді. Несімен? Әрине, білімімен, тәрбиесімен. Біздер айналамызда болып жатқан оқиғалар туралы бірдей түйін жасамаймыз. Әрқайсымыздың өзіндік пікіріміз бар. Алайда, арамызда кейбір адамдардың өзіндік пікірі болмауы да кездеседі. Оған себеп – сол адамның түсінігінің, білімінің кемшіл тартып жатқандығы. Әлеуметтік желілерде әрқайсымыздың өз парақшамыз бар. Әркім өз парақшасында ойын еркін жеткізуге толық құқылы. Алайда, біз соны дұрыс пайдалана алып жүрміз бе? Өзіндік пікірі кемшіл тартып жататын адамдар кез-келген манипулятордың айтқанына еріп кетеді. Білмей істеген іс-әрекетке заң жүзінде шара қолданылатынын ұмытпаңыздар. Сіздің әлеуметтік желідегі парақшаңызға, телефоныңызға (WhatsApp) түскен ақпаратты танып, білмей жатып өзгеге жолдау (переслать) оған да шара қолданылады. Осыдан сақ болайық. Тараған ақпараттың бәрі шындыққа сай келе бермейді. Әрине, оның дұрыстығын анықтайтын фактчек қызметі бар. Оның қызметі біраз уақытты алады. Себебі, шындықты дәлелдеу оңай емес.**

**Әріптес, алдымен өзіңізді ақпаратты талдай білуге ұмтылыңыз. Сенгіш бола бермеңіз. Бүгінгі қоғамда сіздің сенгіштік қасиетіңізді өзгелер басқа мақсатта пайдаланып кетуі мүмкін. Әлеуметтік желілердегі ақпараттарды өте талғампаздықпен оқыңыздар, талдай білуге үйреніңіздер. Өзгені де үйретіңіздер дегіміз келеді.**

Ғалия КАРАЖАНОВА,  
Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі



## МҰНАЙШЫ ҚЫЗ

**С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университетінің Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтында «Энергетика саласындағы әйелдер көшбасшылығы» EMBA бағдарламасы іске қосылған болатын. Еліміздің энергетика саласында еңбек етіп жатқан табысты қыз-келіншектердің кәсіби қоғамдастығын қалыптастыру және дамыту мақсатын көздеген бағдарламаның алғашқы тобына «Теңізшевройл» компаниясы, CNPC, NCOS, «Қазатомөнеркәсіп»ҰК»АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ-ның мамандары қатысты. Жақында осы Қазақстанда баламасы жоқ «Энергетика саласындағы әйелдер көшбасшылығы» EMBA бағдарламасының бірінші түлектері магистрлік диссертацияларын қорғады. Магистрлік диссертацияларын сәтті қорғағандардың қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2 қызметкері де болды. Олар: Жанар Каракушикова мен Жұлдыз Арықбаева.**

дәлелденді. Ерлер мұнай-газ саласында әйелдер кездестіретін кедергілер туралы жеткіліксіз хабардар.

Басшылық лауазымдардағы гендерлік теңгерімсіздікті жойып, әйелдердің санын көбейту мақсатында инклюзивті корпоративтік мәдениет құрып, ұйымдық тәртіп пен еңбек жағдайын трансформациялау қажет. Ол үшін әйелдердің қажеттілігін ескеретін жайлы еңбек жағдайлары (әсіресе өндірісте) және икемді жұмыс тәртібі енгізілуі тиіс. Мысалы, бала күтіміне немесе басқа да отбасылық міндеттерге байланысты ұзақ үзілістен кейін жұмысқа оралатын әйелдерге арналған бейімделу бағдарламалары; білікті әйелдердің кадрлық әлеуеті мен резерві; тәлімгерлік және менторлық бағдарламалар; оқыту

## РАЗВИТИЕ ЖЕНСКОГО ПОТЕНЦИАЛА В ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ СФЕРЕ

9 ноября я защитила магистерскую диссертацию и закончила свое обучение по программе EMBA «Женское лидерство в энергетической отрасли». Следует отметить, что именно Атырауский университет нефти и газа им. С. Утебаева впервые в Казахстане открыл образовательную программу Executive MBA по этой теме. И в этом большая заслуга ректора вуза, профессора Гульзады Шакуликовой. Благодаря ей разработана значимая программа, способствующая развитию женского потенциала в энергетической сфере.

Я пришла на эту программу, чтобы обогатить свои знания и навыки в стратегическом управлении, лидерстве и управленческой практике. Главной целью было не только углубить профессиональные компетенции, но и развить личные качества, такие как стрессоустойчивость, гибкость и умение адаптироваться к быстро меняющемуся миру.

В рамках обучения мы осваивали не только базовые дисциплины как стратегический менеджмент, корпоративные финансы, проектный менеджмент, бизнес-исследования, правовое регулирование и др., но и такие интересные направления, как управление талантами, основы гендерной теории, блокчейн, кросс-культурные коммуникации.

Кроме того, необходимо подчеркнуть профессиональный подход к формированию преподавательского состава, что стало одним из ключевых факторов высокого уровня обучения. Среди преподавателей были приглашенные лекторы из ведущих московских университетов, а также доктора и кандидаты экономических наук из Казахстана, обладающие многолетним опытом преподавания и практической работы. Особое внимание заслуживает тот факт, что трое из преподавателей - женщины, занимающие руководящие позиции в крупных нефтегазовых компаниях. Они не только передавали теоретические знания, но и делились ценным практическим опытом и примерами из своей профессиональной деятельности. Такой подход к подбору преподавателей повышает качество образовательного процесса и улучшает принятие слушателями необходимого материала.

На обучение я была направлена благодаря женскому клубу «Мұнайшы қыз», который активно поддерживает развитие профессиональных навыков и карьерный рост своих членов. Такая поддержка со стороны женского клуба позволила мне не только получить ценные знания и практические навыки, но и значительно укрепить свою уверенность в профессиональной сфере, а также расширить круг общения с другими участниками программы MBA. Хочу выразить глубокую признательность председателю женского клуба «Мұнайшы қыз» Рысты Нургалиевне Тасмагамбетовой за возможность получения новых знаний и навыков.

И в заключение отмечу, что обучение по данной программе стало для меня важным этапом, который помог мне расширить горизонты и получить новые возможности для профессионального развития. Я уве-



рена, что постоянное обучение и самосовершенствование играют большую роль в достижении успеха. Полученные знания я планирую использовать для дальнейшего карьерного роста, а также для поддержки и развития инициатив женского клуба «Мұнайшы қыз», направленных на профессиональное и личностное развитие женщин в энергетической отрасли.

**Жанар КАРАКУШИКОВА,**  
ведущий экономист  
департамента бюджетирования  
и экономического анализа



Менің магистрлік зерттеу жұмысым Қазақстан мұнай-газ саласындағы басшылық лауазымдарда әйелдердің аз болуын талдауға арналған. KAZENERGY қауымдастығы мен Еуропалық қайта құру және даму банкі 2016-2019 жылдары жүргізген ауқымды зерттеуіне сәйкес энергетика саласында әйелдер жалпы жұмысшылар ішінде 24% құрайды, орташа басшылықта – 19%, ал жоғары басшылықта тек 12%. Бұл сандар басқару иерархиясындағы сатылас сегрегацияның көрсеткіші болып табылады, яғни жауапкершілік деңгейі жоғарлаған сайын әйелдердің саны азаяды. Ал саладағы ерлер мен әйелдердің жоғарғы білім деңгейін салыстырсақ, энергетикада жұмыс жасайтын әйелдердің 64% жоғары білімді екенін байқаймыз, ерлер арасында бұл көрсеткіш 48% тең. Әйелдердің білім әлеуеті жоғары, алайда ол мансаптық өсуде толық көлемде жүзеге асырылмайды. Әкімшілік функцияда әйелдер жұмысшылардың 51% құраса, техникалық және өндірістік лауазымдарда 20% аспайды. Мұндай бөліну энергетика саласында «ерлер» және «әйелдер» мамандықтарына қатысты гендерлік стереотиптердің бар екенін көрсетеді.

## МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ БІЛІКТІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Басшылық лауазымдарда әйелдердің аз болуына әсер ететін негізгі факторларды талдау және мұнай-газ саласындағы басшылықта әйелдер санын арттыруға бағытталған стратегияларды дайындау үшін зерттеуім аясында сауалнама жүргіздім. Сауалнамаға ірі, орта және шағын қазақстандық мұнай-газ немесе сервистік компанияларда жұмыс істейтін 224 респондент қатысты.

Зерттеудің нәтижесінде әйелдердің басшылықта аз болуына кешенді факторлар әсер ететіні анықталды. Олар ұйымдық, әлеуметтік және мәдени аспектілерді қамтиды. Өндірістік және техникалық лауазымдарда әйелдерге қатысты тұрақты гендерлік стереотиптер мен алаушылық бар. Әйелдер көбірек кедергілермен беттеседі, даму мен мансаптық өсу үшін ерлермен салыстырғанда мүмкіндіктері тең емес. Сонымен қатар, әйелдердің мансаптық өсуіне әсер ететін факторларды қабылдауда ерлер мен әйелдер арасында айтарлықтай айырмашылық бар екені



бағдарламалары мен тренингтер. Сондай-ақ әйелдердің дамып, мансаптық өсуіне компания ішіндегі әйелдер клубтары мен қауымдастықтары үлкен әсер ететіні анықталды. «Ембімұнайгаз» АҚ бұндай функцияны «Мұнайшы қыз» клубы атқарады.

Мен Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде «Энергетика саласындағы әйелдер көшбасшылығы» атты MBA бағдарламасын «Мұнайшы қыз» клубының қолдауымен оқып, осы зерттеуімді жүргізе алдым. Осыған орай, «Мұнайшы қыз» клубына, клубтың төрайымы Рысты Нұрғалиқызына алғысымды білдіргім келеді. Болашақта Ембінің басшылығында әйелдер саны кем дегенде 30% құрайтынына клубтың қосатын үлесі зор болатынына сенімдімін!

**Жұлдыз АРЫҚБАЕВА,**  
«Ембімұнайгаз» АҚ геология және  
барлау департаментінің аға геологы



## ЕМБІ АДАМЫ

Арман ҚАСАНОВ,  
«Ембімұнайгаз» АҚ  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ  
ұңғымаларды жерасты жөндеу  
операторы:

## ТАБЫСТЫ МҰНАЙШЫ МЕН ӨНЕГЕЛІ ӘКЕНІҢ БЕЙНЕСІН ҚАТАР ӨРБІТSEM



- Менің балалық шағым мұнайлы аймақта өтті. Бала кезден мұнайшылардың ауыр еңбектерін көріп өстім. Сондықтан да болса керек, мұнайшылық мамандыққа тек мықты жандар ғана барады деген балалық сенім менің жүрегімде сол кезде қалыптасты. Пікірімді әлі де өзгерткен жоқпын. Мектептің жоғары сыныптарында оқып жүргенде «Кім боламын?» деген сұраққа бірден «Мұнайшы боламын» деп жауап беруіме де осы балалық шақтан жадымда жатталған пікірім негіз болса керек. «Адам екі мәселеден қателеспей керек» демей ме. Соның біріншісі- мамандықты дұрыс таңдай білу. Мен өз арманымды қателеспей таптым деп нық айта аламын.

2005 жылы Ембі өндірісіне жұмысқа келгенде, еңбек жолымды ұңғымалардың жер асты қысымын сақтау цехынан бастадым. Осы цехта 7 жыл еңбек еткеннен кейін ұңғымаларды жер асты жөндеу цехына жұмысымы ауыстырдым. Бұл-менің өз таңдауым болды. Енді өзімді ұңғымаларды жөндеу саласынан сынап көріп, бұған дейін жиған білімім мен тәжірибемді кеңейтсем деген ойдан туындады. Мұнайшылар арасында ұңғымаларды жер асты жөндеу жұмысы ең ауыр сала деген пікір қалыптасқан. Шынында да солай. Мен өзімді мұнай-газ саласындағы ең ауыр жұмыста сынап көргім келгені де бала кездегі бойыма дарыған «бұл салада тек мықтылар еңбек етеді» дегенді нықтай түсуден туындаған да шығар.

2004 жылы отбасын құрдым. «Бастауыш сыныбының мұғалімі» мамандығының иесі Бақытгүлмен құрған шаңырағым биыл 20 жыл. Отбасыма орын алған құндылық: «Сыйластық, бір-бірімізге құрмет және қамқорлық» деген қағиданы 2 ұлым мен 2 қызымның бойына дарытуды көздемім. Менің ұстанған бағытым – еңбекте табысты маман, отбасында өнегелі әке атану.

## ПІКІР ТАЛАС

Атырау қаласында өткен жұмысшы жастардың слетінде олардың белсенділігін арттырумен қатар оны жүзеге асыру жолдары талқыланды. Шараға 10-нан астам өндірістік кәсіпорыннан 100-ге жуық жұмысшы жастар қатысты. Олардың қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның мамандары да болды.

Жұмысшы жастар слетінің мақсаты өңірдің жұмысшы жастарын қолдау, олардың белсенділігін арттыру және кәсіби өсулеріне ықпал ету болды. Шараға қатысушылар өзекті мәселелер бойынша пікір алмасып, өздерінің идеяларын жүзеге асыру үшін керекті



## БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРДЫҢ ОЗЫҚ ОЙЛАРЫ ОРТАҒА САЛЫНДЫ НЕМЕСЕ ЖҰМЫСШЫ ЖАСТАРДЫҢ СЛЕТІНДЕГІ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

ақпараттармен танысуға мүмкіндік алды.

Жиында сөз алғандардың қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы қызметінің басшысы Алмас Идрисов та болды. «Ембімұнайэнерго» басқармасының әлеуметтік және құжаттамалық қамтамасыз

ету тобының әкімшісі, «Самұрық-Қазына» АҚ Атырау облысы Жастар кеңесінің төрайымы Бибігүл Ерниязова ҚР Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаеваның Алғыс хатымен марапатталды.

Слетке қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ-ның тағы

да үш өкілі: Дастан Әділбекұлы, Алексей Котов, Мұрадым Елеуов Атырау облыстық ішкі саясат басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.

Слетке қатысушылар үшін стратегиялық сессия ұйымдастырылып, онда жұмыс жоспары мен алдағы жобалар талқыланды.

## QUIZ

## КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ: ҰТҚЫРЛЫҚ, ШАПШАҢДЫҚ СЫНҒА ТҮСТІ



Қазақ мұнайының 125 жылдығына арналған Emba-Quiz зияткерлік сайысы «Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппаратының қызметкерлерінің арасында өтті. Зияткерлік сайысқа 6 команда қатысты.

Команданың топтасуы орталық аппараттағы блогтардың қызметкерлері арасында ұйымдастырылды. Олар: «Картель решений» (Бас директордың блогы), «Мұнай-газ» (Өндіріс блогы), «Фантазеры» (Экономика және қаржы блогы), «Монетный двор» (Коммерциялық блог), «Мұнайлы Астана» (Кадр және әлеуметтік блог), «Ембі қазынасы» немесе еріктілер командасы.

Командалар Қазақ мұнайының тарихынан ғана емес, әлемдегі мұнай-газ секторында көш бастаған елдердің өндірістері туралы да білімдерімен өзара сынға түсті. Ал, команда мүшелерінің логикаға құрылған сұрақтарға жауабы сайысты қыздыра түсті.

Emba-Quiz зияткерлік ойынының мақсаты ішкі коммуникацияны дамыта отырып, сайыскерлердің бойында тапқырлық, әрі тез шешім қабылдай білу қасиетін қалыптастыру. Бұл орайда Орталық басқару аппараты қызметкерлері топ болып бірігіп, сұрақтарға тез әрі ұтқыр жауап беруден бөлек, логикаға да шеберліктерімен сыналды.

«Компаниямызға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелері ұжымдарының арасында мұндай форматтағы әртүрлі интеллектуалдық сайыстар өткізіліп жүр. «Ембімұнайэнерго», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» басқармаларында өткен Quiz зияткерлік сайыстарында өндірістегі мамандардың да білім деңгейлерінің мықты екеніне көзіміз жеткен. Қазақ тілінде куиз ойындары 2020 жылдан бастап тұрақты өткізіледі десек, ембіліктер де жұртшылық арасында зор қолдауға ие болып жүрген шарадан тыс қалмауды көздедік. Мақсатымыз-ұжымдағы бірлікті, татулықты нықтай түсу, -деді өз сөзінде ұйымдастырушылардың бірі Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидулин.

Сайыстың қорытындысы әділ түрде сайыскерлердің көз алды-рында автоматты түрде есептеліп шығарылды.

- 1- орынға «Картель решений» командасы,
- 2- орын «Мұнайлы Астана» командасы,
- 3- орын «Ембі қазынасы» командасы.

Бұдан өзге қатысушы командаларға да арнайы сыйлықтар табысталды.



## ХРОНОЛОГИЯ РАЗВИТИЯ НЕФТЯНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА



На фото: Алма Исагулова, передовик промысла Кулсары. 1943г.

(Продолжение. Начало в прошлых номерах газеты)

**1937** - Трестом «Казнефтеразведка» открыто месторождение Кулсары. Введено в промышленную разработку первое в Актюбинской области нефтяное месторождение Шубаркудук.

**1938** – Построен водопровод Гурьев–Косагаыл. Введено в промышленную разработку месторождение Сагиз. Создается самостоятельная контора электроразведки (первый начальник М.Кадысов), обслуживавшая промыслы треста «Эмба-нефть».

**1939** – Введено в промышленную разработку месторождение Кульсары. Впервые в СССР на промысле Искене применен вибрационный газовый якорь. Создано проектное бюро треста «Эмба-нефть». Вступает в строй ширококолейная железная дорога Гурьев–Кандагаш, связавшая Эмбю с центральными районами страны. Создан трест «Актюбнефть», позже переименованный в «Актюбнефтеразведка».

**1940** – Трест «Эмба-нефть» реорганизован в «Казахстаннефтекомбинат». Создан трест «Эмба-

нефтерострой», в последующем преобразованный в «Казнефтерострой», а затем в «Гурьевнефтехимстрой».

**1941** – Введено в промышленную разработку месторождение Джаксымай в Актюбинской области. Впервые в СССР на промыслах Эмбы начата совместная эксплуатация 2-х и более горизонтов,

дополнительный прострел и форсированный отбор жидкости.

**1942** – Освоено бескондукторное бурение. На базе Гурьевского механического завода создан Гурьевский машиностроительный завод им.Петровского. Создана контора «Электроразведка».

**1943** – Введено в промышленную разработку месторождение Комсомольский. Впервые в СССР на промысле Доссор освоено площадное заводнение нефтяных горизонтов. Для эффективного применения геофизических методов исследований с целью выявления перспективных структур на нефть было организовано Казахское отделение Государственного геофизического треста (позже – специализированный трест «Казахстаннефтегеофизика»).

**1944** – На промысле Комсомольский впервые началось бурение эксплуатационных скважин. Введено в промышленную разработку месторождение Кошкар Южный. На базе геологоразведочной конторы создан трест «Казнефтеразведка».

**1945** – Введено в промышленную разработку месторождение Тентексор. «Казахстаннефтекомбинат» реорганизован в производственное объединение «Казахстаннефть» (в его состав вошли все предприятия и учреждения разведки, добычи и переработки нефти в Казахстане). Введен в действие Гурьевский нефтеперерабатывающий завод (ГНПЗ).

Продолжение следует

### ТАРИХИ ДЕРЕК

Осыдан тура 125 жыл бұрын, 1899 жылдың 19 қараша күні сол кездің де, бүгінгі Қазақстан үшін де тарихи кезең басталған еді. Дәл осы күні (кейбір деректерде 13-15 қараша делінеді) Қарашүңгіл кен орнында №7 скважинадан 42 метр тереңдіктен алғашқы мұнай бұрқағы атқылады.



## ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ БАСТАУЫНДА ТҮРҒАН БҰРҚАҚ

«... Бұл бұрқақ өте қарқынды еді, кешкі сағат 4-тен бастап, келесі күнгі таңғы 6-ға дейін ол 63 рет біресе бәсеңдеп, біресе күшейіп, соның әсерінен жақын маңдағы ғимарат қызметкерлері нысандарды дереу босатуға мәжбүр болды. Бұл атқылаған мұнай тек бұл қазандарын жылытуға ғана пайдаланымайтынын, осы жерде мұнай өндірісі болуы мүмкін екенін де көрсетті. Алғашқы бұрғылау ұңғымасынан пайдалану үшін өндіруге болатын мұнай көлемін анықтау әлі мүмкін емес, өйткені бұл – барлау ұңғымасы, 4 дюйм. Ал, пайдалану ұңғымасы 18-20 дюймді құрайды. Бұл бұрқақтың мұнайы әзірге жақын маңдағы бассейнге жиналады. Ол жерде мұнайдың құрамындағы құнды құрамдас бөліктері ұшып кетеді. Ал, қалдық пайдаға жарайды, барлығы болмағанымен, пештерді жылытуға жұмсалады. Осы мақсатта оны тіпті Жил Коса үшін де сатып алады» дейді сол кездегі мұрағаттық құжаттардың бірі. Қарашүңгілдегі мұнай бұрқағы оны бітегенге дейін 18 сағат бойы атқылады.

Қарашүңгіл мұнайының үлгілері алдын ала талданған кезде тамаша нәтиже көрсетті: құрамындағы жанғыш заттардың мөлшері 75 % дейін (Баку мұнайында – 58%) жеткен. Қарашүңгілде тереңдігі 38-ден 235 метрге дейінгі 21 ұңғыма бұрғыланды.

Мұрағат құжаттарынан





# ЭНЕРГЕТИКТЕР МҰРАЖАЙЛАРДЫ АРАЛАДЫ

Биыл «Ембімұнайэнерго» басқармасына 25 жыл. «Ембімұнайэнерго» – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрамындағы ең жас өндірістік кәсіпорын.



Қазақ мұнайына биыл 125 жыл десек, бұл үлкен маңызды датада «Ембімұнайэнерго» басқармасы ұжымының үлесі зор. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның барлық кен алаңдарында үздіксіз өндіріс жұмысын қамтамасыз етуде өзіндік үлесі бар ұжым. Нақтыласақ, Ембі өндірісін 24 сағат бойы электр қуатымен қамтамасыз етіп келеді.



Компанияға қарасты «Доссормұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында осы басқармаға қарасты аудандық электр тораптары құрылып, өндірісті толық автоматтандыру бағытындағы жұмыстарды жүргізуде. Баршаға мәлім, электр қуатынсыз өндірістің тұрақты жұмысын көз алдыға елестету мүмкін емес.

Өткен аптада Қазақстан мұнайының 125 жылдығы шеңберінде «Ембімұнайэнерго» басқармасының 25 жылдығына орай рухани-танымдық (экспедиция) шара ұйымдастырылды. Басқарма ұжымынан құрылған делегация Махамбет ауданындағы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражайында болып, тарихи жәдігерлермен танысты.

Алтын Орданың бірнеше ханы мен тарихи тұлғалары жерленген, орта ғасырдағы қазақ мәдениетінің көрінісін сақтауды мақсат еткен шаһардың тарихына деген көзқарас ел егемендігін алған кезден бастап жаңаша кейіпке енді. Бұл орайда, ембіліктер кешегі мен бүгінгі Сарайшықтың жәдігерлерімен толықтай танысты.

«Ембімұнайэнерго» басқармасы ұжымының бұдан кейінгі сапарлары «Ембімұнайгаз» АҚ-ның интерактивті мұражайында жалғасты. Мұражаймен танысу арқылы Ембі өндірісінің қалыптасу, даму кезеңдері туралы мағыналы мәліметтермен қанықты.

# СПОРТ АЛАҢЫНДАҒЫ ТАРТЫСТЫ ОЙЫНДАР

«Ембімұнайэнерго» басқармасының 25-жылдығына орай «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері арасында кіші аяқ доптан турнир ұйымдастырылды. Оған 7 команда қатысты. Екі күндік спорт сайысында ембіліктер жоғары жетістікке жету жолында сапалы ойынды көрсете білді.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, мұндай шаралар ұжымды біріктіріп, корпоративтік рухты арттыра түсу жолындағы тиімді әдістің бірін саналады.

Марапаттау рәсіміне Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі Алмас Идрисов қатысып, жеңімпаздарға жоғары марапаттарын салтанатты түрде табыстады.

Турнирдің жеңімпазы ретінде бас жүлдені «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасының командасы иеленсе, 2-орын мен 3-орынды «ӨТҚЖЖК» және «Ембімұнайэнерго» басқармаларының командалары өзара бөліске салды.

Турнирдің үздік қақпашысы Еркін Тұрарбаев («Ембімұнайэнерго») деп танылса, үздік ойыншы – Еркін Әжбеңов («Доссормұнайгаз»), спорт ардагерлері арасынан үздік ойыншы – Эдуард Хисметұлин (Орталық аппарат), үздік шабуылшы – Ризабек Баесенов (ӨТҚЖЖК) және үздік қорғаушы Асқар Даулетқалиев («Жайықмұнайгаз») лайық деп танылды.



## ТИМБИЛДИНГ



# ҰЖЫМДАҒЫ БІРЛІК – ТАБЫС НЕГІЗІ

Қазақ мұнайының 125 жылдығына орай «Wooden house» демалыс базасында «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы қызметкерлеріне арналған корпоративті тимбилдинг ұйымдастырылды.

Ұжымшілік бірлікті арттыру, ішкі коммуникацияны нығайту мақсатында қолға алынған шарада «Ынтымақ» және «Қыран» командалары өзара сынға түсті.

Интеллектуалдық және спорттық форматта өткен тимбилдингке жалпы 50-ге жуық қызметкер қатысты.

Тартысты өткен сайыстан командалар тең нәтижемен тарқасып, дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

# МҰНАЙЛЫ АУДАНДАРДАҒЫ ЕМБІЛІКТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТЕРІ



Қазақстан мұнайының 125 жылдығына орай «Ембімұнайгаз» АҚ Атырау облысындағы кейбір әлеуметтік нысандарды жаңа жабдықтармен қамтамасыз етуді жоспарлап, бүгінде оны жүзеге асыруда.

Әлеуметтік жауапкершілікті әрдайым өзекті санайтын Компания өндірістік-құрылымдық бөлімшелер орналасқан аудандардың жан-жақты дамуына қолдау көрсетуге басымдық беріп келеді. Мұнай-газ өндіру басқармалары орналасқан аудандардағы әлеуметтік нысандарды қамқорлықтарына алуды жалғастыруда.

Ембіліктер Мақат ауданының Доссор поселкесіндегі «Доссор» мәдениет үйіне музыкалық құрал-жабдықтарды сыйға тарту етті.

Сонымен қатар, «Доссор балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне» спорттық жабдықтар және спорттық киімдерді табыстады.

Бұған дейін Исатай ауданындағы біраз мекемелерде осындай іс-шараларды ұйымдастырған еді. Исатайлық спорт мектебінің тәрбиеленушілеріне керекті жабдықтар және аудан ардагерлер үйіне қажетті музыкалық құралдар тарту етілді.

Ембіліктердің әлеуметтік көмек көрсету - Жылыой ауданында ұйымдастырылады. Нақтыласақ, Жаңа Қаратон елді мекеніндегі №23 жалпы орта білім беру мектебі мен Жылыой аудандық «Мүгедектер қоғамдық бірлестігі» филиалында шара жалғасады.

«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Facebook - Ембілік Мұнайшы



Instagram - @embamunaigas.kz



You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



TikTok - @embamunaigas

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.  
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmgep.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
G.Amirova@emg.kmgep.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

К.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.